

БҰЙРЫҚ

10.08.2022

Шымкент қ.

КӨШІРМЕ

ПРИКАЗ

№ *237-п/п/с*

г. Шымкент

**Сыртқы академиялық оралымдылық бағдарламасы
бойынша қосылған білім алуға жіберу туралы**

«Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығы, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы және Люблин технологиялық университетінің (Люблин, Польша) шақырту хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұрланқызы Дана 6B07310 - «Архитектура» білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік грант негізінде білім алушы 3 курс, СМ-20-5к1 тобының студенті, «Students exchange» білім беру бағдарламасы бойынша Люблин технологиялық университетіне 2022-2023 оқу жылының күзгі семестріне 2022 жылдың 30-шы қыркүйегі мен 2023 жылдың 16-шы ақпаны аралығындағы мерзімге білім алу үшін жіберілсін.

2. Садырбай Бектай Мұхамбетжанұлы 6B07360 - «Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік грант негізінде білім алушы 3 курс, АП-20-6к4 тобының студенті, «Students exchange» білім беру бағдарламасы бойынша Люблин технологиялық университетіне 2022-2023 оқу жылының күзгі семестріне 2022 жылдың 30-шы қыркүйегі мен 2023 жылдың 16-шы ақпаны аралығындағы мерзімге білім алу үшін жіберілсін.

3. Жиёмбай Арайлым Ерланқызы 6B04110 - «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік грант негізінде білім алушы 2 курс, ЭФ-21-1к2 тобының студенті, «Students exchange» білім беру бағдарламасы бойынша Люблин технологиялық университетіне 2022-2023 оқу жылының күзгі семестріне 2022 жылдың 30-шы қыркүйегі мен 2023 жылдың 16-шы ақпаны аралығындағы мерзімге білім алу үшін жіберілсін.

4. Қаржы департаменті, білім алушылар Д.Нұрланқызының, Б.Садырбайдың, А.Жиёмбайдың Люблин технологиялық университетіне қосымша білім алуға жіберілуіне байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде

оқу үшін орындар санын бөлу жоспарын бекіту туралы» 30.03.2022 жылғы №116 бұйрығына сәйкес, баратын жеріне дейінгі және кері қайтқандағы жол жүру шығыстары, тұрғын үй-жайды жалға алу шығыстары, медициналық сақтандыру, консулдық жинақ ақысын төлеуге ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім департаментінің 31.03.2022 жылғы №14-4/436-ВН хатында көрсетілген сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде, қосылған білім алуға жұмсалатын шығындар №1 қосымша сметасында көрсетілген бойынша төленсін және жоғарыда көрсетілген әр бір студенттің жеке карточкалық есеп шотына 1 283 840 (бір миллион екі жүз сексен үш мың сегіз жүз қырық) теңгеден аударылсын.

5.Студенттер Д.Нұрланқызы, Б.Садырбай, А.Жиёмбай Люблин технологиялық университетінен оралған соң, алынған ақшалай қаражат бойынша қаржы департаментіне аванстық есеп тапсырсын.

6.Студенттерге қызмет көрсету орталығы студенттердің игерілген кредиттер және бағаларымен бірге Люблин технологиялық университеті тарапынан берілген транскриптке сәйкес қайта есептеуді жүзеге асырсын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқу үшін орындар санын бөлу жоспарын бекіту туралы» 30.03.2022 жылғы №116 бұйрығы, Люблин технологиялық университетінің (Люблин, Польша) шақырту хаты, Бірінші проректор Қ.Нұрманбетовтың келісімі, студенттердің өтініштері.

Басқарма төрағасы-ректор м.а.



Қ.Нұрманбетов